**«Бекітемін»**
**Қазақстан Республикасы Ғылым**
**және жоғары білім министрлігі**
**«Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК**
**директоры**
**_______________Б. Абдрасилов**
**«___» _______________ 2024 ж.**

# Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде білу көлемінің тест спецификациясы
## (Тыңдалым, Оқылым бөліктері бойынша)

**Астана – 2024**

**Тест спецификациясы келесі құжаттарға сәйкес әзірленген:**

1. ҚР СТ 1926-2023 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».
2. Қазақ тілін қарапайым деңгейде (А1) меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы /Құрастырушылар: З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева, М.С. Жолшаева – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
3. Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама. – Астана, «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2016.
4. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумдары /Құрастырушылар: З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2017.

**1. Мақсаты:** Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде меңгеруін анықтауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу ержелерін айқындауға негізделеді.

**2. Міндеттері:**

1. Шетел азаматтарының мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде меңгеруін анықтауға арналған тест құрылымын халықаралық тіл білімін бағалау жүйелерінде қалыптасқан үлгілерге сәйкес тілді меңгеру әрекетінің түрі – тыңдалым, оқылым бөліктері бойынша анықтау;

2. ҚР СТ 1926-2023 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру». Ұлттық стандарттарының талаптарына және педагогикалық өлшеулер теориясына сәйкес қазақ тілін белгілі бір деңгейде меңгеруді бағалауға арналған тест тапсырмалары қорын қалыптастыру.

**3. Тест мазмұны:** Тестке қарапайым деңгейдің (А1) тест тапсырмалары енгізілген. Тест 2 (екі) бөліктен тұрады.

**4. Тест құрылымы:**

Тестілеу түріне байланысты тест нұсқасының мазмұндық құрылымы:

**1) Сертификаттық тестілеу**

Мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде меңгеру тестілеуінің тест нұсқасы 2 (екі) бөлікті қамтиды:

1) Тыңдалым – 20 тапсырма, 20 минут;
2) Оқылым – 40 тапсырма, 50 минут;

**Жалпы: тапсырма саны – 60, тестілеу уақыты - 1 сағат 10 минут.**

**5. Тапсырмалар формасы**

Тыңдалым және Оқылым бөліктері бойынша ұсынылған 4 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау.

**ТЕСТ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІРІКТЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Мәтіндерді іріктеу кезінде тест әзірлеушілері келесі талаптарды негізге алуы тиіс:

1. Ең алдымен, тестіленушілер контингенті ескерілуі керек: Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруге ниетті азаматтар.
2. Деңгейлік тестілеуге арналған диалог және мәтіндер қазақ тілін меңгеру деңгейлерінің сипаттамаларына сәйкес тақырыптардан ауытқымауы керек. Қарапайым деңгейді (A1) анықтау тақырыптары қосымша беріледі.
3. Мәтіндерде мерзімге тәуелді ақпарат болмауы керек (мысалы, EXPO, олимпиада, САММИТ, коронавирус, т.б.) Уақыт өте келе мәтіннің өзектілігі жойылуы мүмкін.
4. Жағымсыз сөздер жазылған диалог, мәтіндер;
5. Жағымсыз әсер қалдыратын диалог, мәтіндер;
6. Саясат, дін мәселелерін қозғайтын диалог, мәтіндер;
7. Психикалық күйзеліске апаруы мүмкін мәтіндер алынбауы қажет. Мысалы, ана туралы естелік болса, қайтыс болған анасын еске алып, адамның психологиялық саулығына және тестілеу нәтижесіне әсер етуі мүмкін.
8. Эмоционалды-психикалық күш тудыратын қайғылы жағдай туралы мәтіндерді қоспау керек.
9. Дүлей апаттар, зілзала, қарсы пікір тудыратын көзқарастары бар мәтіндер алынбауы тиіс.
10. Тілі қиын, күрделі сөйлемдермен берілген, сөз саны ұзақ немесе сандық мәліметтер көп кездесетін мәтіндер алынбауы тиіс.
11. Мәтін бөліктерінің арасында мағыналық байланыс болуы керек, аяқталмаған ой болмау керек.
12. Мәтінде сандардың, тарихи даталардың, статистикалық мәліметтердің, тектер мен есімдердің, елді мекен атаулары, лексика және абстрактілі түсінік ұғымдарының көп болмауы керек; арнайы терминологиялық мәтіндерді асыра қолданбауы керек.
13. Мәтін көлемі тест спецификациясында берілген сөйлем санымен сәйкес болуы керек.

## ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Дистракторлар, яғни тест тапсырмасына жауап бола алатын альтернативті жалған нұсқа немесе жабық түрдегі тест тапсырмасына жауаптың бір нұсқасы, бірақ дұрыс емес жауап нұсқалары қазақ тілін меңгеруге деген ынтаға септігін тигізетін қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, сөздік қорды, сөздің мағыналық баламаларын білетіндігін тексеруге арналған немесе мекендік, мезгілдік атауларды білетіндігін тексеруге арналған дистракторларды қарастыру керек. Мәтін барысында мүлдем айтылмаған, тілге тиек етілмеген, тек есте сақтау мен көзбен көргенін салыстыру қабілетін бағалауға арналған дистракторлар болмауы керек.
2. Дистракторлар шынайы, шындыққа жанасатын, нақты, мүмкіндігінше қысқа болуы керек. Дистракторлардың жүйелілігі қатаң сақталуы қажет.

3. Жауап нұсқаларында мәтіннен сөзбе-сөз келтірілген ақпарат алынбауы керек.

4. Жауап нұсқалары сыртқы түрі және грамматикалық құрылымы үйлескен және ұқсас, біркелкі, күрделілігі бірдей болуы керек.

5. Тапсырма талабында сандық көрсеткіштер сұралмауы тиіс.

6. Жауап нұсқалары қысқаша және шағын, көлемі бірдей болуы керек.

7. Тест тапсырмалары тестіленушіге таныс емес сөздер және терминдермен берілмеуі керек.

8. Лексика-грамматикалық құрылымда сөздер, сөз тіркестері тілдік терминдермен емес, семантикалық мағынамен берілуі басшылыққа алынуы керек.

9. Дұрыс жауап дистракторлары ешқандай формалды белгілерімен ерекшеленбеуі керек.

10. Тест тапсырмалары «жеңілден күрделіге» ұстанымы бойынша құрастырылуы керек.

11. Диалект сөздер қолданылмауы керек.

12. Жаңадан енгізілген немесе жаңа аударылған сөздердің тек ресми түрде енгізілгендерін ғана пайдалану керек. Мысалы, поезд – пойыз, станция – стансы, самолет – ұшақ және т.б.

13. Жауап нұсқаларының «сатылы» орналасуын қамтамасыз етуі керек.

14. Дұрыс жауаптардың көбі бір нұсқаға түсе бермеуін қадағалауы керек. Айталық, 1-D, 2-D, 3-D, 4-D.

15. Әрбір тест тапсырмаларын мақсатқа лайықтау барысында ғылыми ізденіс талап етіледі.

**Екі бөлік бойынша тапсырмалар төмендегі тақырыптарды қамтиды:**

| № | Тақырыптар | № | Тақырыпшалар |
|---|---|---|---|
| 1 | Адам, қоғам және рухани құндылық | 1 | Танысу. |
| | | 2 | Менің үйім. Мекенжай. Көше. Басқа елдердегі тұрғын үй жағдайы. Пәтер. Тұрмыс. Тұрмыстық заттар. |
| | | 3 | Отбасы. Отбасы тәрбиесі. Отбасы және отбасылық жағдай. Туыс. Дос. |
| | | 4 | Сезім. Мінез. Адам, зат (материал), ақпарат, іс-әрекет. Адам қасиеттері, адам келбеті. |
| | | 5 | Өзі туралы. Сүйікті іс (Хобби). Бос уақыт. Демалыс. Демалыс орындары. |
| | | 6 | Медицина. Денсаулық. Денсаулық – зор байлық. Дұрыс тамақтану. Спорт. Спорттық ойындар. Жарыс, олимпиада, жеңіс, грамота, алғыс хат, медаль. |
| | | 7 | Қоғамдық орындар (Әуежай, теміржол вокзалы, саяжай, саябақ, аялдама, касса, дәріхана, емхана, аурухана, асхана, дәмхана, мейрамхана), Қызмет көрсету орындары (Халыққа қызмет көрсету. Қонақүй. Көлік жөндеу. Шеберхана. Бекеттер. Спорт кешені.), Дүкенде, азық-түлік, сауда, ақша, тиын, қымбат, арзан, жеңілдік. Көлік, көлік түрлері. |
| | | 8 | Мерекелер (туған күн, қуанышты күн, отбасылық мереке т.б.) |
| | | 9 | Киім. Түстер. Сапасы. Сән әлемі (қосымша заттары). Отандық тауар. |
| 2 | Білім және ғылым | 10 | Ресми мекемелер мен ұйымдар: Балабақша, мектеп, университет. (мектеп өмірі, жетістіктері, оқытушылар, студенттер және т. б.) Білім беру. |
| | | 11 | Интернет, әлеуметтік желі, байланыс, телефон, ақпарат алу. |
| | | 12 | Жұмыс. Жұмыс күні. Мамандық. Еңбек. Еңбек демалысы. Әріптестер. Мектеп өмірі (тәрбиеші, оқушы, мұғалім, студент, оқытушы және т. б.). |
| | | 13 | Жастар – еліміздің болашағы. |
| | | 14 | Мәдениет. Мәдени орындар: кинотетатр, театр, концерт залы, музей, кітапхана. Өнер (Музыка, би, кино, фильм және т. б.) Тіл. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте! |
| | | 15 | Өтініш, жұмысқа тұру, жоғары білім, тәжірибе, хат. |
| 3 | Қазақстан және ғалам | 16 | Менің елім. Мемлекет. Ұлттық рәміздер: ту, елтаңба, әнұран. |
| | | 17 | Қала, аймақ, аудан, ауыл, мекенжай, ел, тарих. Ғимарат. |
| | | 18 | Жыл мезгілдері: (уақыт, күн, апта, ай, жыл). Сандар. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 19 | Ауа райы. Табиғат. |
| | | 20 | Экологиялық жағдайлар. |
| | | 21 | Өсімдіктер. Жануарлар: аңдар, үй жануарлары, жәндіктер. Құстар. Үй құстары. |
| | | 22 | Ақыл, ой. Ақын-жазушылар, автор, кітап, олардың өмірі, еңбектері, хабарландыру, жаңалықтар. |
| | | 23 | Әлемдегі қызықтар |
| | | 24 | Туризм. Еліміздің әдемі жерлері. Саяхат. |
| | | 25 | Тарих. Тарихи оқиға. |
| | | 26 | Технология. Жаңа заман. |

## 1. ҚАЗТЕСТ жүйесінің «Тыңдалым» бөлігі бойынша тест мазмұнына қойылатын талаптар мен тапсырма түрлері

**ҚАЗТЕСТ жүйесінің Тыңдалым бөлігінде 1 нұсқада 20 тапсырма қамтылады:**
Қарапайым деңгей А1 – 20 тапсырма;

### Қарапайым деңгей

| Тыңдалым коды | Тақырыпша коды | Мәтіннің реттік саны. Күрделілігі | Тапсырма саны | № | Тапсырма түрі | Күрделілігі | Мәтін таңдауға қойылатын талаптар (түрі, көлемі, мазмұны) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 01 *Ескерту! Тапсырмалар деңгейге сәйкес болуы тиіс* | 01 | 1-диалог А | 1 | 1 | Сөйлеуші кім? | А | Мәтін түрі: 1 диалог.<br>Көлемі: 30-40 сөз.<br>Таныс емес сөздер: 5%.<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: сәлемдесу, танысу, таныстыру, қоштасу, рақмет айту, кешірім сұрау. Сұрақ қою, аты-жөні, қызметі, мекенжайы, хал-жағдайын сұрау, фактілерді, жағдаятты хабарлау. Заттың бар/жоғын, сапасын, іс-әрекеттің орнын, уақытын, себебін білу. Өтініш, ұсыныс, тілек, шақыру, келісу/келіспеу, бас тартуды білу. Тұлғаға, затқа, іс-әрекетке өз көзқарасын білдіре алу. |
| | | | 2 | 2 | Диалогті аяқтаңыз. | А | |
| | 02 | 2-диалог А | 1 | 3 | Диалог қайда өтті? | А | Мәтін түрі: шағын диалогтер.<br>Көлемі: қысқа 41-70 сөз.<br>Таныс емес сөздер: 5%.<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: Күнделікті өмірде қолданылатын отбасы; уақыт; ауа райы; табиғат;<br>жыл мезгілдері; мамандық, қызмет, кәсіп туралы қысқа диалогтер. |
| | | | 2 | 4 | Сөйлемді толықтырыңыз. | А | |
| | | | 3 | 5 | Диалог қашан өтті? | В | |
| | 03 | 3-диалог В | 1 | 6 | Дұрыс ақпаратты табыңыз. | В | Мәтін түрі: орташа және ұзақтау диалогтер<br>Көлемі: 71-90 сөз.<br>Таныс емес сөздер: 5%<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: дәмханада, емханада, дәріханада, поштада, банкте, әуежайда, теміржол вокзалында, музейде, т.с.с. (баспасөзден, көркем шығармадан алынып бейімделген) |
| | | | 2 | 7 | Диалог қайда өтті? | В | |
| | | | 3 | 8 | Сөйлемді толықтырыңыз. | В | |
| | | | 4 | 9 | Диалогті жалғастырыңыз. | В | |
| | | | 5 | 10 | Сұраққа жауап беріңіз. | В | |
| | | | 6 | 11 | Диалог кімдердің арасында өтті? | С | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 7 | 12 | Мәтіндегі негізгі ойды белгілеңіз. | C | диалогтер.<br>Қоғамдық орындарда: қонақүй, дүкен, касса, базар, әуежай, вокзал, пошта, асхана, мейрамхана, жұмыс, көлік, көше, театр, кинотеатр, мұражай, емхана, шеберхана, кітапхана, көрме, саяхат, сауда орталықтары, халыққа қызмет көрсету орталығында өткен шағын диалогтер. |
| | 04 | 1-мәтін C | 1 | 13 | Мәтін не туралы? | C | Мәтін түрі: қысқа монологтер.<br>Көлемі: 91-110 сөз.<br>Таныс емес сөздер: 5%.<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: шағын жарнама, хат, құттықтау хат (арнайы құрастырылған немесе бейімделген мәтіндер);<br>Өмірбаян (өзі туралы әңгімелеу: балалық шақ, мектепте, жоғары оқу орнында білім алу, жұмыс, қызығушылықтар; ресми өмірбаян; достары мен таныстары, туыстары туралы әңгіме, олардың сыртқы келбеттері туралы сипаттау);<br>Туыстық қарым-қатынастар (отбасы туралы әңгіме, отбасының тұратын жері, отбасы жағдайы, қамтамасыз етілуі, жұмысы, отбасының қызығушылығы, отбасы мүшелерінің сыртқы сипаттамасы). |
| | | | 2 | 14 | Сөйлемді толықтырыңыз. | C | |
| | | | 3 | 15 | Мәтін бойынша дұрыс ақпаратты табыңыз. | C | |
| | | | 4 | 16 | Сұраққа жауап беріңіз. | C | |
| | | | 5 | 17 | Мәтінге сай келмейтін ақпаратты табыңыз | C | |
| | | | 6 | 18 | Мағыналас сөзді табыңыз. | C | |
| | | | 7 | 19 | Мағынасы қарама-қарсы сөзді табыңыз. | C | |
| | | | 8 | 20 | Мәтін мазмұнын табыңыз. | C | |
| | **БАРЛЫҒЫ: 3 диалог, 1 мәтін<br>А – 5; В – 7; С – 8** | | | | **БАРЛЫҒЫ: 20 ТАПСЫРМА<br>А – 5; В – 7; С – 8.** | | |

## 2. ҚАЗТЕСТ жүйесінің Оқылым бөлігі бойынша тест мазмұнына қойылатын талаптар мен тапсырма түрлері

ҚАЗТЕСТ жүйесінің Оқылым бөлігінде 1 нұсқада 40 тапсырма қамтылады:

Қарапайым деңгей А1 – 40 тапсырма;

### Қарапайым деңгей А1

| Мәтіннің реттік саны. Күрделілігі | Тапсырма саны | № | Тапсырма түрі | Күрделілігі | Мәтін таңдауға қойылатын талаптар (көлемі, түрі, мазмұны) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-мәтін А | 3 тапсырма | 1 | Сөйлемді толықтырыңыз. | А | Мәтін түрі: 1 мәтін.<br>Көлемі: 20-30 сөз.<br>Таныс емес сөздер: 5%.<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: сәлемдесу, танысу, таныстыру, қоштасу, рақмет айту, кешірім сұрау. Сұрақ қою, аты-жөні, қызметі, мекенжайы, хал-жағдайын сұрау, фактілерді, жағдаятты хабарлау. Заттың бар/жоғын, сапасын, іс-әрекеттің орнын, уақытын, себебін білу. Өтініш, ұсыныс, тілек, шақыру, келісу/келіспеу, бас тартуды білу. Тұлғаға, затқа, іс-әрекетке өз көзқарасын білдіре алу. |
| | | 2 | Сұраққа жауап беріңіз. | А | |
| | | 3 | Айтылуы жуан сөзді табыңыз. | А | |
| 2-мәтін А | 3 тапсырма | 4 | Сөйлемді толықтырыңыз. | А | Мәтін түрі: шағын мәтіндер.<br>Көлемі: қысқа 31-40 сөз.<br>Таныс емес сөздер: 5%.<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: Күнделікті өмірде қолданылатын отбасы; уақыт; ауа райы; табиғат; жыл мезгілдері; мамандық, қызмет, кәсіп туралы қысқа мәтіндер. |
| | | 5 | Айтылуы жіңішке сөзді табыңыз. | А | |
| | | 6 | Мәтін мазмұнында бар ақпаратты табыңыз. | В | |
| 3-мәтін А | 3 | 7 | Сөйлемді толықтырыңыз. | А | Мәтін түрі: орташа және ұзақтау мәтіндер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырма | | | | Көлемі: 41-50 сөз<br>Таныс емес сөздер: 5%<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: дәмханада, емханада, дәріханада, поштада, банкте, әуежайда, темір жол вокзалында, музейде, т.с.с. мәтіндер.<br>Қоғамдық орындарда: қонақүй, дүкен, касса, базар, әуежай, вокзал, пошта, асхана, мейрамхана, жұмыс, көлік, көше, театр, кинотеатр, мұражай, емхана, банк, шеберхана, кітапхана, көрме, саяхат, сауда орталықтары, халыққа қызмет көрсету орталығы туралы шағын мәтіндер. |
| | | 8 | Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты табыңыз. | A | |
| | | 9 | Мағынасы қарама-қарсы сөзді табыңыз. | A | |
| 4-мәтін А | 3 тапсырма | 10 | Сөйлемді толықтырыңыз. | A | Мәтін түрі: орташа және ұзақтау мәтіндер<br>Көлемі: 51-60 сөз немесе қысқа сөйлем<br>Таныс емес сөздер: 5%<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: дәмханада, емханада, дәріханада, поштада, банкте, әуежайда, темір жол вокзалында, музейде, т.с.с. (баспасөзден, көркем шығармадан алынған бейімделген) мәтіндер.<br>Қоғамдық орындарда: қонақүй, дүкен, касса, базар, әуежай, вокзал, пошта, асхана, мейрамхана, жұмыс, көлік, көше, театр, кинотеатр, мұражай, емхана, банк, шеберхана, кітапхана, көрме, саяхат, сауда орталықтары, халыққа қызмет көрсету орталығы туралы шағын мәтіндер. |
| | | 11 | Сұраққа жауап беріңіз. | A | |
| | | 12 | Мағынасы жақын сөздерді көрсетіңіз. | B | |
| 5-мәтін B | 7 тапсырма | 13 | Сөйлемді толықтырыңыз. | B | Мәтін түрі: қысқа мәтіндер.<br>Көлемі: 61-70 сөз, қысқа сөйлем.<br>Таныс емес сөздер: 5%.<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: шағын жарнама, хат, құттықтау хат (арнайы құрастырылған немесе |
| | | 14 | Сұраққа жауап беріңіз. | B | |
| | | 15 | Мәтін мазмұнына сай ақпаратты табыңыз.. | B | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 16 | Мәтінде жауабы бар сұрақты табыңыз. | B | бейімделген мәтіндер);<br>Өмірбаян (өзі туралы әңгімелесу: балалық шақ, мектепте, жоғары оқу орнында білім алу, жұмыс, қызығушылықтар; ресми өмірбаян; достары мен таныстары, туыстары туралы әңгіме, олардың сыртқы келбеттері туралы сипаттау);<br>Туыстық қарым-қатынастар (отбасы туралы әңгіме, отбасының тұратын жері, отбасы жағдайы, қамтамасыз етілуі, жұмысы, отбасының қызығушылығы, отбасы мүшелерінің сыртқы сипаттамасы). |
| | | 17 | Мағынасы жақын сөздерді көрсетіңіз. | B | |
| | | 18 | Асты сызылған сөздің мәтіндегі мағынасын табыңыз. | B | |
| | | 19 | Мәтін қорытындысын анықтаңыз. | B | |
| 6-мәтін<br>B | 7<br>тапсырма | 20 | Сөйлемді толықтырыңыз. | B | Мәтін түрі: қысқа мәтіндер.<br>Көлемі: 71-80 сөз, қысқа сөйлем.<br>Таныс емес сөздер: 5%.<br>Сөйлеу қарқыны: минутына 100 буын.<br>Мәтін мазмұны: шағын жарнама, хат, құттықтау хат (арнайы құрастырылған немесе бейімделген мәтіндер);<br>Өмірбаян (өзі туралы әңгімелесу: балалық шақ, мектепте, жоғары оқу орнында білім алу, жұмыс, қызығушылықтар; ресми өмірбаян; достары мен таныстары, туыстары туралы әңгіме, олардың сыртқы келбеттері туралы сипаттау);<br>Туыстық қарым-қатынастар (отбасы туралы әңгіме, отбасының тұратын жері, отбасы жағдайы, қамтамасыз етілуі, жұмысы, отбасының қызығушылығы, отбасы мүшелерінің сыртқы сипаттамасы). |
| | | 21 | Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты табыңыз. | B | |
| | | 22 | Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз. | B | |
| | | 23 | Мәтінде жауабы бар сұрақты табыңыз. | B | |
| | | 24 | «Кімде?»/ «Неде?» /«Қайда?» сұрағына жауап беретін сөзбен келген қатарды табыңыз (Жатыс септік). | B | |
| | | 25 | Сөйлемдегі сапаны білдіретін сөйлемді көрсетіңіз. | C | |
| | | 26 | Мәтін қорытындысын анықтаңыз. | C | |
| 7-мәтін<br>B | 7<br>тапсырма | 27 | Заттың иесін білдіретін сөйлемді табыңыз (Ілік септік) | B | Мәтін көлемі: 81-90 сөз<br>Мазмұны:<br>- өзі, отбасы, туыстары;<br>- туған жері, сол жерден шыққан белгілі адамдар;<br>- жұмысы, қызметі, лауазымдық міндеттері, жұмыс орны, жетістіктері, әріптестері; |
| | | 28 | Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты табыңыз. | B | |
| | | 29 | «Қашан?» сұрағына жауап беретін сөзбен келген сөйлемді табыңыз. | B | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 30 | Сөйлемді толықтырыңыз. | B | - бос уақыты, сүйікті ісі,<br>- қазақ халқының тарихи тұлғаларының өмірінен қызықты мәліметтер, әңгімелер (өмірбаяны емес);<br>- Қазақстанның дамуы, өркендеуі туралы патриоттық мазмұндағы мәтіндер;<br>- елтанымдық мәтіндер;<br>- әлемге әйгілі адамдар туралы қызықты оқиғалар;<br>- энциклопедиялық мазмұндағы мәтіндер;<br>- публицистикалық мақала, әңгіме үзінділері. |
| | | 31 | Бағытты білдіретін сөзбен келген қатарды табыңыз. (Барыс септік). | C | |
| | | 32 | Мәтінде жауабы бар сұрақты табыңыз. | C | |
| | | 33 | Мәтін қорытындысын анықтаңыз. | C | |
| 8-мәтін<br>C | 7<br>тапсырма | 34 | Асты сызылған сөздің мағынасын анықтаңыз. | C | Мәтін көлемі: 91-100 сөз<br>Мазмұны:<br>- өзі, отбасы, туыстары;<br>- туған жері, сол жерден шыққан белгілі адамдар;<br>- жұмысы, қызметі, лауазымдық міндеттері, жұмыс орны, жетістіктері, әріптестері;<br>- бос уақыты, сүйікті ісі,<br>- қазақ халқының тарихи тұлғаларының өмірінен қызықты мәліметтер, әңгімелер (өмірбаяны емес);<br>- Қазақстанның дамуы, өркендеуі туралы патриоттық мазмұндағы мәтіндер;<br>- елтанымдық мәтіндер;<br>- әлемге әйгілі адамдар туралы қызықты оқиғалар;<br>- энциклопедиялық мазмұндағы мәтіндер;<br>- публицистикалық мақала, әңгіме үзінділері. |
| | | 35 | Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты табыңыз. | C | |
| | | 36 | Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз. | C | |
| | | 37 | Орындалған іс-әрекетті табыңыз. (Етістіктің шақтары) | C | |
| | | 38 | Алдағы уақытта орындалатын іс-әрекетті көрсетіңіз. (Етістіктің шақтары) | C | |
| | | 39 | Мәтінде жауабы бар сұрақты табыңыз. | C | |
| | | 40 | Мәтін қорытындысын анықтаңыз. | C | |
| **8 мәтін** | **Барлығы 40 тапсырма:** | | | | **А-12, В-21, С-7** |